

Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесіне және оны салу тәртібіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 99 шешімі.

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 19 қосымша) 11-тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 64-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесінің және салу тәртібінің 12-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарында көрсетілген мерзімдерге Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің 30-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіз бойынша істі қарау тоқтатыла тұрған мерзім кірмейді."

2. Осы Шешімде көзделген өзгеріс Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің 30-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен шешім күшіне енген шараларды енгізу кезінде ерте дегенде осы Шешім күшіне енген күннен кейін қолданылады.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М . Григорян	И . Петришенко	Ө . Смайылов	А. Новиков	А. Оверчук

